

## Қаржылық тұрақтылық мәселелері жөніндегі меморандум

### 1-бөлім. Мақсаттары мен міндеттері

1. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылдарының тиімді жүйесін ұйымдастыру, сондай-ақ қаржылық қарым-қатынастар субъектілерінің тәуекелдерін реттеу жөніндегі үйлестірілген саясатты жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі – Үкімет), Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) және Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (бұдан әрі – Қаржылық қадағалау агенттігі), бұдан әрі бірігіп – Тараптар деп аталады, осы Қаржылық тұрақтылық мәселелері жөніндегі меморандумды жасады (бұдан әрі – Меморандум).

2. Осы Меморандум:

- Тараптардың қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету шеңберіндегі өзара іс-қимылдарының негізгі қағидаттарын;
- Тараптардың әрқайсысының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері мен ролін;
- ақпараттық өзара іс-қимыл жасау және ақпарат саясатын үйлестіру рәсімдерін;
- жүйелік дағдарыстардың жағымсыз әсерін барынша азайту қағидаттарын және тетіктерін айқындайды.

3. Қаржылық тұрақтылық экономикада қаржы нарықтарын кейіннен жағымсыз түзетуге, жүйелік дағдарыстардың пайда болуына және қаржылық институттардың қаржы жүйесінің іркіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, сондай-ақ экономиканың нақты секторының іскерлік белсенділігін қолдау қабілетсіздігіне әкеліп соқтыруы мүмкін сәйкессіздіктің болмауы ретінде айқындалады. Қаржылық тұрақтылық мемлекеттік реттеудің ағымдағы және әлуетті тәуекелдерге барабарлығымен, тәуекелдерді басқару мен бөлу тетіктерінің тиімділігімен, қаржы қызметін тұтынушылардың қаржы жүйесіне сенімінің сақталуымен қамтамасыз етіледі.

### 2-бөлім. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етудің негізгі қағидаттары

4. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету шеңберіндегі өзара іс-қимыл мынадай негізгі қағидаттарға негізделеді:

**үйлестіру** – қайталауды болдырмау мақсатында Тараптардың әрқайсысының міндеттері мен функцияларын айқын анықтау және Тараптарға Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуына келісілген тәсілмен іске асыру;

**уақтылылық** – барабар шешімдер қабылдау мақсатында қаржылық тұрақтылық үшін қауіп-қатерлер мен тәуекелдерді уақтылы анықтауға мүмкіндік беретін қаржылық тұрақтылық индикаторларын талдау әдістерін әзірлеу және жетілдіру;

**тиімділік** – қаржылық тұрақтылық үшін қауіп-қатерлер мен тәуекелдерге барабар шешімдерді оралымды қабылдауды және тиімді іске асыруды қамтамасыз ететін шаралардың кешенді жүйесін әзірлеу және іске асыру;

**барынша аз шығасылар** – жұмсалатын қаржылай шығынды, сондай-ақ тұтастай алғанда қаржы жүйесі үшін залалды барынша азайту қажеттігін есепке ала отырып, туындаған проблемаларды шешу әдісін (құралдарын, тетігін) таңдау;

**айқындылық** – Тараптардың қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету саласындағы қызметі туралы ақпараттың Қазақстан Республикасының заңнамасына және қаржы жүйесіне сенімділікті қолдау міндеттеріне қайшы келмейтін көлемде және форматта қол жетімді болуы;

**ақпарат алмасу** – тиісті қорғаныш құралдары мен конфиденциалдылықты сақтай отырып Тараптардың әрқайсысының міндеттерін іске асыруды қамтамасыз ететін барлық қажетті ақпаратты ұсыну.

### **3-бөлім. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді үйлестіру**

5. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген негізгі функцияларға және өкілеттіктерге байланысты тәуелсіз шешімдер қабылдауда шектелмеген. Сонымен қатар Тараптар қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету шеңберінде қабылдайтын шешімдердің тиімділігін және оларға қаржы нарығына қатысушылардың сенімін қамтамасыз ету мүддесімен осы Меморандум өзінің функциялары мен өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде үйлестіру қажеттігін айқындайды. Тараптар Тараптардың әрқайсысының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерін орындаудың тиімділігіне ықпал етуі мүмкін шешімдерді келісетін болады.

#### **3.1-бөлім. Қаржылық қадағалау агенттігінің міндеттері**

6. Қаржылық қадағалау агенттігі «Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңымен белгіленген өкілеттіктерге сәйкес қаржы нарығының және қаржылық ұйымдардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Осы мақсатты іске асыру шеңберінде Қаржылық қадағалау агенттігі:

- пруденциалдық нормативтерді және қаржылық ұйымдар үшін сақталуы міндетті нормалар мен лимиттерді белгілейді, сондай-ақ қаржылық ұйымдардың тұтынушыларға қаржылық қызмет көрсетуді ұсыну қызметінің стандарттары мен сапасының сақталуын қамтамасыз етеді;
- қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдардың мониторингін жүзеге асырады;
- Ұлттық Банк соңғы сатыдағы заем беруші ретінде заем берудің мақсатқа сай екендігі туралы шешім қабылдаған кезде Ұлттық Банкке банктің қаржылық жай-күйі туралы ақпарат ұсынады және консультация береді, банктерге арнайы мақсаттағы заемдар беру туралы мәселе қарауға бастамашы болуға құқылы;
- валюталық операцияларды жүргізуге арнайы рұқсат режимі ендірілген жағдайда бақылау функцияларын орындау барысында анықталған екінші

деңгейдегі банктердің арнайы рұқсат режимінің талаптарын сақтауды бұзу фактілері туралы хабарлау арқылы Ұлттық Банкке жәрдемдеседі.

### **3.2- бөлім. Ұлттық Банктің міндеттері**

7. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы Заңына сәйкес Ұлттық Банкке қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу міндеті жүктелген. Осы міндетті іске асыру, сондай-ақ Қаржылық қадағалау агенттігіне қаржы нарығының және қаржылық ұйымдардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі мақсатты іске асыру шеңберінде Ұлттық Банк:

- бағалар тұрақтылығын қамтамасыз ететін ақша-кредит саясатын жүргізеді;
- осы Меморандумның 16-тармағында айқындалған тетіктерді іске асыру қажет болған жағдайларды қоспағанда, бағалар тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатына қайшы келмейтін өтімділіктің оңтайлы деңгейін қолдау мақсатында қаржы нарығындағы операцияларды жүзеге асырады;
- төлем жүйелерінің сенімді және тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;
- қаржылық және қаржылық емес ұйымдардың, үй шаруашылықтары секторларының тұрақтылығын бағалай отырып, қаржылық тұрақтылықты кешенді түрде қамтамасыз ететін факторларға, қаржы нарықтарындағы жағдайларға және макроэкономикалық тәуекелдерге жүйелік талдау жүргізеді, Қазақстандағы қаржы тұрақтылығы туралы есепті жылына бір рет тұрақты негізде жариялайды;
- ерекше жағдайларда жекелеген немесе банктер топтарының қаржылық жағдайы нашарлауының жүйелік ықпалына жол бермеу мақсатында соңғы сатыдағы заем беруші ретінде болады;
- валюталық операцияларды жүргізуге арнайы рұқсат режимін енгізу туралы шешім қабылданған жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің тиісті Жарлығын іске асыру жөніндегі практикалық іс-шараларды жүзеге асырады.

### **3.3- бөлім. Үкіметтің міндеттері**

8. Үкіметтің құзыреті «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық Заңында айқындалған. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету міндеттерін жүзеге асыру мақсатында Үкімет:

- макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған экономикалық саясатты жүргізеді;
- мемлекеттік қаржы ресурстарының және мемлекеттің активтерінің мақсатқа сай және тиімді пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етеді;
- кәсіпорындар мен ұйымдардың халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес айқындық, объективтілік және ақпаратты толық ашу талаптарына сәйкес жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;
- осы Меморандумның 15 және 18-тармақтарында айқындалған қағидаттарға және механизмдерге сәйкес мемлекеттік қаржылық қолдауды қамтамасыз етеді;

- қажет болған жағдайда Ұлттық Банктің және Қаржылық қадағалау агенттігінің өтініші бойынша қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді шешуге дипломатиялық қолдауды қамтамасыз етеді;
- осы Меморандумның 15-21-тармақтарында айқындалған қағидаттарға және механизмдерге сәйкес дағдарысқа қарсы тиімді басқаруды қамтамасыз ететін тиісті заңнамалық және өзге нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға мүмкіндік жасайды;
- валюталық операцияларды жүргізу үшін арнайы рұқсат режимін және оны жүзеге асыру механизмін ендіру қажеттілігі мәселелері бойынша Ұлттық Банкпен бірлескен консультация жүргізеді.

#### **4- бөлім. Ақпараттық өзара іс-қимыл және ақпараттық саясат**

9. Респонденттердің жүктемелерін төмендету мақсатында Тараптардың ақпараттық саясаты есептілік нысандары шеңберінде жиналатын ақпаратты қайталамауды болдырмаудан тұрады. Осы Меморандумда белгіленген міндеттерді жүзеге асыру үшін Тараптардың ұқсас ақпарат алуға қажеттілігі болған кезде, Тараптар деректер жинау және алмасу форматын және тәртібін келіседі.

10. Тараптардың ақпараттық өзара іс-қимыл жасауы Тараптардың осы меморандумда айқындалған міндеттерді сапалы орындау үшін қажетті көлемде және форматта толық, еркін және уақтылы ақпарат ұсынуға кепілдік беруге негізделеді.

11. Тараптар қаржы ұйымдарының және олардың контрагенттерінің қаржылық емес ұйымдар және үй шаруашылықтары арқылы айқындалатын қаржылық тұрақтылықтың көрсеткіштері, сондай-ақ қаржы ұйымдары өз қызметін жүзеге асыратын немесе жай-күйі қаржы тұрақтылығына тікелей әсер ететін нарықтардың көрсеткіштері ретінде айқындалатын қаржылық тұрақтылықтың индикаторларын жүйелі түрде қалыптастыруды және таратуды жүзеге асыру қажет деп санайды.

12. Кешенді тәсілдерді жүзеге асыру мақсатында Ұлттық Банк қаржылық тұрақтылықтың индикаторларын қалыптастыру және тарату үшін жауапты орган ретінде белгіленеді.

13. Ұлттық Банктің қаржылық тұрақтылықтың индикаторларын қалыптастыру және тарату шеңберіндегі функциялары:

- мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп қаржылық тұрақтылық үшін тәуекелдерді уақтылы анықтау мақсатында қаржы секторының жай-күйін неғұрлым толық бағалауға мүмкіндік жасайтын, сондай-ақ ақпарат жинау жүйесінің және оған кіру мүмкіндігін және ерекшелігін көрсететін қаржылық тұрақтылық индикаторларының жан-жақты тізбесін айқындау;

- қаржылық тұрақтылықтың индикаторлары және олардың есебі үшін пайдаланылатын көрсеткіштер бойынша метадеректерді қалыптастыру;
- қаржылық тұрақтылықтың индикаторларын есептеу үшін пайдаланылатын көрсеткіштерді жинау және қалыптастыру жүйесінің халықаралық талаптарға және тәсілдерге методологиялық сәйкес келуін бағалау;
- қаржылық тұрақтылықтың индикаторларын қалыптастыру және жүйелі түрде тарату (тоқсан сайынғы негізде);
- қаржылық тұрақтылықтың индикаторларын қалыптастыру және талдау үшін неғұрлым толық ақпарат алу мақсатында қолданылып жүрген статистикалық есептілік нысандарын жетілдіру және жаңаларын әзірлеу бойынша ұсыныстар дайындау;
- халықаралық қаржы ұйымдарымен қаржылық тұрақтылықтың индикаторларын қалыптастыру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

14. Қаржы нарығы және қаржы ұйымдары бойынша, корпоративтік сектор және үй шаруашылығы бойынша қаржы тұрақтылығы индикаторларының ақпараттық деректер базасын қалыптастыру мақсатында, сондай-ақ Қазақстанның қаржылық тұрақтылығы туралы есеп дайындау мақсатында Қаржылық қадағалау агенттігі мен Статистика жөніндегі агенттік қажетті ақпаратты Ұлттық Банкке белгіленген тәртіппен жүйелі түрде ұсынып отырады. Ақпарат ұсынудың форматтары, мерзімдері және рәсімдері ведомстволармен бір жақты тәртіппен келісіледі.

#### **5- бөлім. Дағдарысқа қарсы басқару қағидаттары және механизмдері**

15. Қаржы дағдарысының теріс әсер етуінің алдын алу және төмендету дағдарыстың себептік-салдарлық байланыстарына және әлуетті жүйелік әсер етуіне қарай құралдар мен механизмдердің әр түрлі тәсілін талап етуі мүмкін. Сонымен қатар дағдарысқа қарсы басқару жүйесі, мемлекеттік араласудың қажеттілігін және ауқымын бағалау мынадай қағидаттарға негізделеді:

- ерекше жағдайларда қаржы секторына мемлекеттік қолдау көрсету, осындай қолдау болмаған кезде қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ететін жағдайлар елеулі түрде бұзылады;
- жеке сектор механизмдерінің (қайта капиталдандыру, бірігу және сіңіру және т.с.) қаржы институттарының тұрақтылығына байланысты мәселелерді шешуге қатысты мемлекеттік араласу алдындағы басымдығы;
- салық төлеушілердің қаржы тәуекелін төмендету, яғни мемлекеттік араласудың әлуетті пайдасы және қаржы секторына мемлекеттік қолдау көрсету мемлекеттің қаржы шығындарына тепе-тең болмайтын тәуекел;
- қаржы институттарына мемлекеттік қолдау көрсетуге толық және байланысты емес кепілдіктің болмауы;
- жеке сектордың қаржы институттарының тұрақтылығын сақтау және арттыру бойынша механизмдерді жүзеге асыру үшін мемлекет тарапынан жағдайлар жасау;

осы Меморандумның барлық Тарапының жедел өзара іс-қимыл жасауы.

16. Қаржылық тұрақтылыққа қауіп төнген айрықша жағдайларда Ұлттық Банк соңғы инстанция кредиторы ретінде заемдар бере алады. Соңғы инстанция кредиторы ретінде заемдар қамтамасыз етумен де, сол сияқты қамтамасыз етусіз де берілуі мүмкін. Сонымен бірге, соңғы инстанцияның заем берушісі ретінде заем берудің лайықтылығы туралы мәселені Ұлттық Банк Басқармасы қараған кезде заемдар берудің оңтайлы талаптары мыналар болып табылады:

- заем өтімділік жөніндегі проблемалары банктің төлем қабілетіне нұқсан келтіруі мүмкін (заем беру кезінде банктің төлем қабілеті бар) банкке беріледі;
- банктің төлем қабілеттілігінің жай-күйін бағалау қиын болған және (немесе) баламалы өтімділік деңгейін жедел қамтамасыз ету қажет болған жағдайда, заемдар сапалы қамтамасыз ету болған кезде беріледі.

17. Қаржылық қадағалау агенттігі банктің меншікті капиталы мөлшерінің теріс екенін анықтаған жағдайда, оларды тез арада жаңа инвесторға өткізу мақсатында Үкіметтің келісімі бойынша оның акционерлерінің акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылдауға құқылы.

18. Жұмыс істемейтін активтерді беру және (немесе) сатып алу және активтерді басқару арқылы банктер баланстарының құрылымын жақсарту және олардың активтерінің сапасын арттыру мақсатында Үкімет мемлекет қатысатын арнайы сауықтыратын ұйым құру не жұмыс істеп тұрған ұйымдардың біріне өкілеттіктер беру туралы мәселені қарайды.

19. Мемлекет қаражатын беру және пайдалану тиімділік қағидаттарына негізделуі және банктің қаржы жағдайын сауықтыру жөніндегі іс-шаралар кіретін, Қаржылық қадағалау агенттігі мақұлдаған банктің іс-әрекет жоспарының іске асырылуына байланысты жүзеге асырылуы тиіс.

20. Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігіне және қаржылық тұрақтылыққа қауіп төнген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жекелеген валюталық операциялар жүргізуге арнайы рұқсат режимі енгізілуі мүмкін.

21. Тараптар дағдарысқа қарсы басқару қағидаттары мен механизмдерін тиімді іске асыру үшін мынадай жағдайлар қажет деп санайды:

- жекелеген қаржы институтында жағдайдың нашарлауына ертерек диагноз қою әдістерін және жүйелік дағдарыстар туындауының алғышарттарын анықтауға арналған әдістемелерді жетілдіру;
- мемлекеттік қаржылық қолдаудың әр түрлі нысандарын бағалау әдістерін әзірлеу;
- қаржы институттарын қайта капиталдандырудың және қаржылық жағдайын жақсартудың механизмдері мен рәсімдерін құру;


- қаржылық сауықтыру мақсатында мемлекеттің араласуы жөнінде шаралар қабылданған қаржы институтының активтерін бағалау әдістері мен рәсімдерін айқындау;
- қаржы институттарының өзінің қызметі туралы ақпаратты тәуекелдер мен қауіп-қатерлерге сай ашуы.

**6-бөлім. Меморандумның мақсаттары мен міндеттерін іске асыруды қамтамасыз ететін рәсімдер**


22. Үкіметтің Меморандумның мақсаттары мен міндеттерін іске асыру жөніндегі қызметін үйлестіруді қамтамасыз ететін, сондай-ақ оның мүддесін қорғайтын мемлекеттік орган болып Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі (бұдан әрі – Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі) белгіленеді. Меморандумның мақсаттары мен міндеттерін іске асыру шеңберінде мемлекеттік саясатты орындауды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган болып Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Қаржы министрлігі) белгіленеді.

23. Қажет болған жағдайда, Тараптар осы Меморандум белгілеген ой-ниеттерді іске асыру мақсатында тиісті заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер дайындайды.


**Қазақстан Республикасының Үкіметі**

  
\_\_\_\_\_ Премьер-Министр Мәсімов К.К.  
(ҚОЛЫ)

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі**

  
\_\_\_\_\_ Төраға Сәйденов Ә.Ғ.  
(ҚОЛЫ)

**Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі**

  
\_\_\_\_\_ Төраға Дунаев А.Ғ.  
(ҚОЛЫ)

Астана қ.


2007 жылғы "10" қараша

**Келісілген:**

**Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі**

  
\_\_\_\_\_  
(ҚОЛЫ) Министр Сұлтанов Б.Т.

**Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі**

  
\_\_\_\_\_  
(ҚОЛЫ) Министр Коржова Н.А.